

**Мәслихаттың 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 63 "Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2023 жылғы 22 маусымдағы № 23 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 маусымда № 10034 болып тіркелді

Науырзым аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 63 "Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24701 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімдегі қосымшаның 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мүгедектігі бар балаларды қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді.";

көрсетілген шешімдегі қосымшаның 4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өтініш берген айдан бастап жүргізіледі.";

көрсетілген шешімдегі қосымшаның 7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері әрбір мүгедек балаға сегіз айлық есептік көрсеткішке тең.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың төрайымы*

*Г. Абенова*